

В статье рассмотрены исследования и выявления приоритетных направлений государственного регулирования региональной экономики и региональной политики.

Ключевые слова: региональная экономика, региональная политика, приоритетные направления

MAIN DIRECTIONS OF REGIONAL DEVELOPMENT

Syrlybaeva N., Tleuberdieva S.S.

Eurasian National University in the name of L.N. Gumilev

Astana, Kazakhstan

Abstract

The article deals with the research and identification of priority directions of state regulation of regional economy and regional policy.

Keywords: regional economy, regional policy, priority areas.

Аймақтық саясат, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған стратегиялық мақсаттар мен тапсырмаларға жету үшін өмір сүру қызметі және шаруашылықтанудың территориялдық факторларын тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттік жалпы саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы аймақтық саясаттың мақсаты – территориялдық өзін-өзі басқаруды дамыту қағидаларын құру және рационалды территориялдық еңбек бөлінісі негізінде әр аймақтың ресурстық өндірістік потенциалын тиімді пайдалану және халықтың өмір сүру қызметтері үшін сәйкес тең мүмкіндіктерін құруда болып табылады[1].

Аймақтық саясаттың мақсатына жету үшін төмендегідей тапсырмаларды шешуді талап етеді:

Бірінші кезеңде аймақтық саясатты жасау мен жүзеге асыру үшін алғы шарттарды құру болжанды. Оларға келесілер жатады:

- аймақтардың сәйкестілік шаруашылықтың даму қызметін қамтамасыз ететін саяси, экономикалық, экологиялық және құқықтық сипаттағы кешенді шұараларды құру;

- мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жалпы стратегиялық ережелеріне сәйкес территориялдық артықшылықтарын анықтау;

- Қазақстан Республикасының барлық территориясында экономикалық белсенділікті мемлекеттік ынталандырумен жеке аймақтарды селективті мемлекеттік қолдаудың келісімі;

Екінші кезеңде еліміздің экономикалық дамудың жалпы стратегиясы шегінде аймақтық дамудың алғашқы кезектегі тапсырмаларын жүзеге асыру болжанды. Яғни:

- Институционалды және нарықтық инфрақұрылымның, аймақтық және жалпы республикалық еңбек, капитал және тауар нарықтарының құрылуы және дамуы;

- Артта қалған ауылдарды көркейту үшін материалдық негіз құру.

Республикамыздың экономикасын өсіру және көркейту жағдайында көптеген тапсырмаларды шешу үшін мүмкіндіктер пайда болды. Оларға жататындар:

- аймақаралық инфрақұрылымды құру және өндірістің территориялды ұйымын жетілдіру , экономиканың тиімді кеңістік құрылымын қалаптастыру;

- территорияның ғылыми-техникалық және табиғи ресурстарын тиімді пайдалану, экология-экономикалық теңдікті сақтау өндірістік кешеннің ресурстық-мақсатты тепе-теңдігін қамтамасыз ету;

- нашар дамыған аймақтардағы әлеуметтік сфера және экономиканың депрессивті жағдайын бәсіан кешіруден сақтану, аймақтар бойынша халықтың өмір саласын және деңгейіндегі әртүрлікті түзету.

Аймақтық саясаттың мақсаты мен тапсымаларына сәйкес оның төмендегідей негізгі бағыттары бөлінеді:

- құрылымдық өнеркәсіптік және инвестициондық саясатқа сәйкес кәсіпорын санауышы бойынша жұмыстар ұйымдастыру, аймақтағы кәсіпорын мен өндіріс үшін беделді қажетті селективті көмек көрсету;

- аймақтық экспортық потенциалын көбейту, сыртқы және ішкі нарықта сұранысқа ие өнім шығаруды көбейтуді қолдау;

- өнекәсіптің базалық саласындағы ірі кәсіпорындарда өндірістік қызметті көркейту және капитал концентрациялау мақсатында технологиялық өзара байланысты өндірістің жаңа ұйымдастырушылық құрылымын құру;

- жергілікті рыноктарда тауар және қызмет ұсынысын көтеру, халықтың жұмысбастылығын сақтау және жаңа жұмыс орындарын ашу

мақсатында жеке меншік кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау;

- материалдық өндіріс және аймақтық инфрақұрылым сферасына тікелей шетел инвестициясын қоса инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- бюджеттен тыс көздерді, институционалдық инвесторлар жүйесін, аймақтың қаржылық ресурсын қалыптастыру;

- табиғаттың ландшафты және әртүрлігін, генетикалық қорларын сақтау.

Мемлекеттің аймақтық саясаты әр типтегі аймақ ерекшеліктерін қосқанда, олардың потенциалын біршама толық ашу мақсатында дифференциалды жүзеге асырылады (34).

Республикалық аймақтық артықшылықтарды анықтау үшін жалпы қабылданған типология қолданылады, жаңа салықтық және бюджеттік саясат құрылу позициясына байланысты аймақтарды 3 топқа бөледі:

Бірінші топ – кірістің орташа республикалық деңгейін көтеретін кірістері бар аймақтар (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар облыстары және Алматы қаласы). Бұл аймақтарда біршама жоғары салық қойылымы бекітілуі керек.

Екінші топ – кірістің орташа республикалық деңгейіне жақын аймақтар (Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары), бұларға салық қойылымының орташа деңгейі ұсынылады.

Үшінші топ – орташа кірістің ең төмен деңгейін көрсететін аймақтар (Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары).

Көрсетілген типологияға сәйкес республиканың территориалдық даму артықшылықтары санына бірінші және екінші топтағы аймақтар

кіреді. Территориясында негізгі экономикалық және өнеркәсіптік потенциалы бар лидер аймақты, яғни даму деңгейі жоғары аймақтарға республикамыздың экономикасының дағдарыстан шығуы бойынша және оның келешекте өсуіне үлкен үміт қойылды.

Үшінші топтың аймақтары – аутсайдер деп айтылатын, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен артта қалған облыстарға мемлекеттік қолдау көрсету қажеттілігі шартында көңіл аудару керек.

Бұл типология қаржылық қаражаттарды аймақаралық қайта бөлу қажеттілігі сақталған кезде аймақтық саясатты жүзеге асыру бірінші, екінші кезеңдерде актуалды болады. Аймақтық саясатты жүзеге асыру шаралары бойынша аймақтардың топ құрамы ылғи ауысып тұрады[2].

Нарықтық процесстерді жүзеге асыру механизмдерін нақтылау және ішкі аймақтық артықшылықтарды бөлу мақсатында аймақтарды мамандандыру (специализациялау) қағидасы бойынша типология қолданылады, соған сәйкес аймақ төрт топқа бөлінеді:

Бірінші топ – стратегиялық сипаттары минералды ресурстарының керемет қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік потенциалының интенсивті дамуының жеткілікті жоғары көрсеткіштермен республика экономикасын тездетілген темппен енгізу қабілеті, бірақ ауылдардың экономикалық-әлеуметтік артта қалуы, оның көп бөлігі экологиялық жағдайы нашар болуы көрсетілген аймақтар. Бұл аймақ топтары үшін беделді болып төмендегідей проблемалар жатады:

- минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өңдеу мен қазудың жаңа технологияларын енгізу базасы негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бой жерлерді интенсивті иелену

(көмірсутек, хромит, калий тұзы, алтын, күміс, мыс, нырыш, фосфат, никель, борот, кобальт және тағы басқа);

- отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық иныроқұрылымдарды құру (қонақ үйлерді салу құрылысы, офис мекемесі, аэропорт, халықаралық порттар, байланыс торабы, көлік және темір жол көлігі торабы, сыртқы халықаралық нарыққа шығуын қамтамасыз ете алады).

Екінші топ – негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтылған жоғары технологиялық ғылыми көлемді өндіріс құру үшін жеткілікті қолайлы экономикалық жағдайларымен, ауыр индустрия саласының нақты көрсетілген мамандануымен жоғары ғылыми-өндірістік потенциалы бар аймақтар жатады.

Бұл аймақтардың экономикасын реформалаудың артықшылықты бағыттары болып төмендегілер көрсетіледі:

- шетел инвестицияларын тарту жолымен экспорттық потенциалды қалыптастыру және мехника-технологиялық үзіліс базасы ретінде ірі өндірістік потенциалы бар келешекте құрылымдық реконструкциялау;

- жаңа ғылыми көлемді өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар базасында құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника құралы, ақпараттану, автомобиль құрылысы, жаңа материалдар, лазер технологиясын дамыту, шетел технологиясын және қаржыландырудың сыртқы көздерін пайдалана отырып құрал-жабдық және автоматтандырылған басқару жүйесін шығару;

- экономикалық қайта қалыптасу темпін анықтайтын нарықтық инфрокұрылымды дамытуды тездету;

- өздерінің өндірісін көтерілуін және жақсаруын қамтамасыз ететін өнеркәсіптің юасты салаларының ірі кәсіпорындармен басқарудың жаңа ұйымдастырушылық формасын құру, шетелдік консалтингалық фирмалар мен мамандарды тарту; өндірістік және әлеуметтік инфрокұрылымның территориялдык ұйымдастырудың рационалды деңгейін қалыптастыру; тұтынушы нарығын баланстау бойынша материалдық база құру.

Үшінші топ – еліміздің сатушылық қорын құруда басты орында алатын агроөнеркәсіптік кешенді аймақтар. Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының артықшылықты бағыттары болып келесілер жатады:

- жеке меншіктің әртүрлі формаларының дамуын, ауыл шаруашылық өндірісін реформалау бойынша курстарды жалғастыру;

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге тиімді мамандықтанудың жүзеге асырылуы;

- ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалығымен және экспорттың өсуін қамтамасыз ететін өндірістік процесстерде жана технология мен техникаларды енгізу және пайдалану;

- аймақтық агроөнеркәсіпті кешеннің әртүрлі қызмет сферасын дамыту диспропорциясын бастан кешіру;

- республиканың тұрақты сауда кешенінқұру мақсатында айылшаруашылық шикізаттарды өндіру және қазіргі индустрияны сақтау бойынша кішігірім кәсіпорындардың кең байланысын ұйымдастыру.

- Тұтыну рыногын балансталған түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп

салаларының материалдық-техникалық базасын қатайтуда, өндірістік және әлеуметтік инфроқұрылымын міндетті түрде құру.

Бұл топтың еңбек шығындары бар аймақтар үшін ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу бойынша біршама кәсіпорын қатарында, халақтың жұмысбастылық проблемаларын жеңілдету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында шағын және орта бизнесті дамыту керек[3].

Төртінші топ – экстремалды климаттық, әлеуметтік-экономикалық және техника-технологиялық жағдайдағы, шаруашылықтың рационалды емес салалық құрылымы бар депрессивті аймақтар, сонымен қатар экологиялық дағдарыстаға аудандар жатады. Бұл аймақтарда жинақталған шаруашылық байланыстарының бұзылуы және экономикалық және әлеуметтік дағдарыс критикалық жағдайға әкелуі мүмкін аймақтар, бұлар өздерінің күштерімен бұл проблемадан шыға алмайды. Бұл үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет.

Бұл топтағы аймақтарға артықшылықты жағдайлары болып төмендегі проблемалар аталады:

- экологиялық дағдарысты тереңдету процесін алдын-алу;
- жекеленген ауылдық аймақтардағы ауыл шаруашылық шикізаты бар өнеркәсіптік қайта өңдеу бойынша бірінші топтағы звеноларды құру, осынла тұратын халықтардың дәстүрі мен тәжірибесі және жергілікті ресурстарды пайдалануды қосқанда шаруашылық кешенін тұр-тамырымен реконструкциялау;
- Осы аймақтарда тұратын халықтардың өмір сүру сапасын және деңгейін көтеру үшін материалдық негіз құру жөнінде нақты шаралар қабылдау;
- Қоршаған табиғи ортасы адамдардың денсаулығына өте қауіпті ауылдық аймақтардағы, кіші және орташа қалалардың және басқа

тұрғылықты жерлердің тұрғындары республикамыздың басқа аймақтарына орын ауыстырғысы келетінін халықтар үшін қажет жағдайлар жасауы тиісті;

- Шетелдік техникалық және гуманитарлық көмектерді тарту және оларды тиімді пайдалану болып табылады.

Қорытындылай келе, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына мемлекеттің реттеуші әсері институтционалды құрылымдарды жүргізу, сыртқы экономикалық саясат, жалпы мекроэкономикалық (бюджеттік, салықтық, акшалай-нешелік), әлеуметтік, экономикалық, құрылымдық-инвестициялық саясаттарды жүзеге асыру және шаруашылық субъектілері мен халықтың өмірлік қызметі құқықтық регламентация жүесі арқылы жүзеге асырылады. Оларды шығаруда және тәжірибелік түрде орындалуы кезінде жүзеге асырылатын шараларды интеграционды аймақтық тиімділікті ескере отырып, олардың территориялық кешенді әлеуметтік-экономикалық дамыту мүдделеріне сәйкес ескерілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кусаинов Х.Х., Әжмұрат Н.Т. Аймақтық экономика және басқару: Оқу құралы. ХХ.Кусаинов, Н.Т.Әжмұрат. - Алматы: Бастау баспасы, - 2013. - 216 бет.

2. Балқияұлы Н. Қазақстан экономикасын басқару негіздері – Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: ҚазККА, 2010. – 158 бет.

3. Бибатырова І.А., Кекілов Б.Ж. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқу құралы., 57-59 бет

4. Гаврилов А.И. Региональная экономика и управление: Учеб. пособие для вузов. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. — 239 с.